

Қ.С. Ерғалиев^{1*}, С.Ж. Ерғалиева², М.А. Уайханова³

¹«Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ, Павлодар, Қазақстан
^{2,3}«Торайғыров университеті» КеАҚ, Павлодар, Қазақстан
(e-mail: ergaliev1976@mail.ru, samal17.12@mail.ru, mira.p2011@mail.ru)

Виртуалды дискурстағы заманауи мифологемалардың көрінісі

Зерттеуде жаңалықтар мақалаларына білдірілген интернет-түсіндірме мәтіндеріндегі мифологемалар талдауға түседі. Жұмыстың басты мақсаты цифрлық дискурстағы аксиологиялық аспектілерді негізге алу арқылы қазақстандық мифологемалардың интернет-түсіндірмелердегі жаңа рөлін тұжырымдау әрі ғылыми негіздеу болып табылады. Онда интернет-мифологемалардың мәдени құндылықтарды тасымалдаушы және ұлттық дискурста қатысушы ретіндегі рөлі теориялық қырдан барынша ашылады. Интернет-түсіндірмелерді зерттеу барысында материалды жинақтау және контекстік талдау әдістері, сипаттамалық және цифрлық есептеу әдістері, сондай-ақ аксиологиялық ерекшеліктерді анықтауға ықпал еткен мәтіндерді лингвомәдени және лингвоаксиологиялық талдау әдістерінің элементтері қолданылады. Зерттеу нәтижесінде жинақталған материалдар мифологемалардың тарихи, мәдени және саяси сынды үш негізгі түрін анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеудің жаңалығы цифрлық платформалардағы қазіргі заманғы контекстерге бейімделген, түрленген және сақталған мифологемалардың зерделенуінен көрінеді.

Кілтті сөздер: интернет-түсіндірмелер, аксиологиялық ерекшеліктер, цифрлық дискурс, мәдени бірегейлік, мифологемалар.

Kipicne

Интернет-түсіндірмелер қоғамның құндылық қатынастарының ерекшеліктерін көрсететін алуан түрлі маңызды мәдени компоненттерді қамтып қана қоймай, ұлттық сананың көріністерін қалыптастыратын мифология, фольклор, салт-дәстүр т.б. сияқты лексикалық бірліктер мағыналарының өзгеруіне ықпал етті.

Тілдік фактілерден байқағанымыздай, құндылық нормалары тілдік тұлғаның мінез-құлық мәдениетін айқындайды. Әрбір лингвомәдениет өкілі бастапқы кезде бейбітшілік пен ынтымақтастықты түсіндіру негізінде мифологиялық құрылымдар жасап, тарихи деректерге негізделген поэзия, даналық сөздер мен аңыз-әңгімелер шығарса, кейінірек туындыларда батырлық пен батылдықты, өжеттілік пен қайсарлықты, сұлулық пен парасаттылықты немесе сезім мен махаббатты жырлау арқылы өз ұлттық фольклорын дамытып, ұлттық мәдениет пен дүниетанымының іргетасын қалайды.

Бүгінгі цифрлық трансформация дәуірінде Қазақстан дәстүрлі мәдени құндылықтар мен заманауи технологиялардың қарқынды дамуы түйісетін тұста тұр. Бұл үдеріс қазақстандық интернет-пайдаланушылардың онлайн-дискурсында айқын байқалады. Мәдени мәтіндерде көрініс тапқан мифологиялық элементтер — мифологемалар ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мен көрсетуде маңызды рөл атқарады. Қазіргі авторлардың шығармаларында мифологиялық мотивтер мен бейнелер кеңінен қолданылады. Олар өздерінің өмірлік тәжірибелері мен әлем туралы көзқарастарын негізге ала отырып, мифтерді өзгертіп, қайта түсіндіреді.

Қазақстан мәдениеті тарихи және қазіргі заманғы танымды сипаттайтын жергілікті әдет-ғұрып пен кеңестік кезеңнің ықпалы негізінде қалыптасқан салт-дәстүрлердің бірігуін білдіреді. Бұл мәдени бірлік мәдениеттегі орныққан наным-сенімдер мен құндылықтарды жеткізетін мифологиялық элементтер, мотивтер немесе символдар түріндегі мифологемаларды зерттеуге негіз болады [1]. Қазақстандық цифрлық дискурста бұл мифологемалар тарихи жады мен бірегейліктің заманауи көріністері арасындағы алшақтықты жоюға ықпал ететін компоненттер ретінде қызмет етеді.

Зерттеушілер аталған мифологемаларды талдау арқылы дәстүрлі әңгімелердің жаһандану, саяси өзгерістер мен әлеуметтік әділдік сияқты қазіргі заман мәселелерін шешуге бейімделгенін көрсетеді. Бұл бағыттағы кейбір зерттеулер цифрлық медианың мәдени бірегейлікті қалыптастырудағы

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: ergaliev1976@mail.ru

маңыздылығын атап өтеді. Мысалы, Р. Чжан интернет-түсіндірмелердің қазіргі заманғы мәселелер аясында дәстүрлі мифтерді қайта өзгерту ролін қарастырады [2]. Қазақстандағы мәдени символдардың түрленуіне жаһанданудың әсерін зерттеген кей зерттеушілер мифологемалардың осы үдерістерді түсінудегі маңыздылығын ерекше атайды [3], [4]. Қазақстанның қостілді әрі қос мәдениетті контекстерінде мәдени ерекшеленген элементтердің цифрлық кеңістікке аударылуы мәселелерінің әлі толыққанды зерттелмегенін жеткізеді. Алайда мифологемаларды жалпымәдени көзқарас тұрғысынан саралаған алдыңғы зерттеулер бүгінгі күні қалыптасқан қазақстандық мифологемалардың саяси интерпретациясы мен мағынасын зерттеуге жол ашады [5].

Өзін комментатор ретінде жүзеге асыра отырып, тілдік тұлға, ең алдымен, өзіне ең басты құндылық болып табылатын ұғымдармен жұмыс істейді, нәтижесінде олар ұлттық тілдік бейнеде лингвомәдени бірліктер, яғни мифологемалар түрінде көрініс табады. Егер мәтін, оның ішінде интернет-түсіндірмелер, мәдени тұрғыдан бай ақпаратты қамтыса, онда оны ұлттық сананың құрамдас бөлігі ретінде қарастыру мүмкіндігі туындайды. Бұл өз кезегінде ұлттық бірегейліктің қалыптасу факторларының бірі болып табылады және зерттеу жұмысының маңыздылығын арттырады.

Зерттеу нысаны — интернет-түсіндірмелерде қолданылған мифологемалар.

Зерттеу мақсаты — жұмыстың басты мақсаты цифрлық дискурстағы аксиологиялық аспектілерді негізге алу арқылы қазақстандық мифологемалардың интернет-түсіндірмелердегі жаңа ролін тұжырымдау әрі ғылыми негіздеу болып табылады. Бұл мақсат мифологемалардың Қазақстандағы мәдени бірегейлікті, тарихи сана мен қоғамдық дискурсты қалай көрсететінін әрі оларға қалай ықпал ететінін түсінуге бағытталады.

Әдебиетке шолу

Зерттеуде әлемнің мифологиялық көрінісі талданып, әртүрлі тақырыптағы мақалаларға білдірілген интернет-түсіндірме мәтіндеріндегі мифологемалар қарастырылады. Әлем бейнесі ұғымы адамның әлем туралы түсініктерін зерттеу негізінде қалыптасады. Кейде адам әлем бейнесінің шекарасынан шығып кеткенін де байқамай қалады [6; 49].

Адамзат тарихында миф арқылы әлем бейнесін модельдеуге, дүниетанымдық тәжірибені жалпылауға және беймәлім құбылыстарды түсіндіруге деген ұмтылыс байқалады. «Миф ерекшеліктерінің бірі — табиғи және табиғаттан тыс, объективтілік пен субъективтіліктің арасындағы шекараның болмауы. Сонымен қатар миф үйлесімді, қатаң реттелген құрылымға және жабық кеңістікке ие» [7; 636]. Әлемнің мифологиялық бейнесін қалыптастырудың басты ерекшеліктерінің бірі «адамның өзін қоршаған ортадан ажыратпау» болып табылады. Бұл табиғатты бейнелеуге және абстрактілі ұғымдарды нақты, сезімтал бейнелер арқылы білдіруге алып келеді. «Ежелгі қоғамдағы миф дәлелдерді қажет етпейтін шындыққа айналады» [8; 34–35].

Мифологиялық тұжырымдамада адам таным субъектісі әрі объектісі ретінде қарастырылады. Қазіргі лингвистикада жетекші орын алған антропоорталықтық тәсіл көптеген зерттеулердің өзегі саналады. Ғалымдар «тілдік тұлға» ұғымын антрополигвистикадағы негізгі тұжырымдама деп түсініп, ол лексемалардың когнитивті құрылымдармен байланысын талдау дегенді айтады. Когнитивті лингвистика саласының мамандары фреймдерді концептілердің құрылымдық компоненттері ретінде қарастырады [9; 151–154]. Фреймдер — концептілер айналасында ұйымдастырылған және стереотиптік сипаттағы білім бірліктері [10], сондай-ақ қоғамға бағытталған мінез-құлықты қалыптастыратын когнитивті модельдер. Ф.Ж. Рахимова мифологемалардың ұлттық бірегейлікті сақтау тұрғысындағы маңыздылығын атап өтіп, олардың көбінесе қазіргі идеологияларды заңдастыру үшін тарихи әңгімелерге сүйенетінін пайымдайды [11]. С. Жарқынбекова және т.б. зерттеушілер де қазақ әдебиетіндегі мифологемалардың қолданылуын зерттейді [12]. Сонымен қатар лингвомәдени зерттеулер тіл мен мәдениет арасындағы өзара байланысты қарастырып, тілдік практикалардың мәдени бірегейлікті қалай көрсетіп, қалыптастыратынын атап өтеді [13]. Бұл салада тіл қарым-қатынас құралы әрі мәдени білімді сақтау орны ретінде зерделенеді. С.К. Дзиведи және Р. Патель тілдік практикаларды зерттеп, олардың әлеуметтік және саяси өзгерістердің әсерінен үнемі құбылып отыратынын атап өтеді [14].

Интернет дәуірінде виртуалды тілдік бірегейлік адамды өзін-өзі таныстыру мен коммуникация арқылы бере алады [15]. Коммуникативтік стратегиялар виртуалды тілдік бірегейліктің аксиологиялық әлеміне негізделіп, виртуалды коммуникативтік мінез-құлықты лингвистикалық аксиология мен когнитивтік лингвистика әдістерімен талдауға болатынын жеткізеді. Мысалы,

блогтар интернет-коммуникацияның бір түрі ретінде жеке және қоғамдық элементтерді біріктіреді. Олар ғаламдық оқиғалардан бастап жеке мәселелерге дейін түрлі тақырыптарды қамтиды. Блог дискурсының аксиологиялық жүйесінің икемділігі оның құндылықтар тізімін түзу ісінің күрделілігін білдіреді [13]. Цифрлық платформалардың өсуі мәдени нарративтердің құрылымы мен таралуын өзгертеді. Тікелейлігі әрі интерактивтілігімен ерекшеленетін интернет-коммуникация мәдени бірегейлікті білдіру мен келісімге келуге ықпал ететін жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Бұл сонымен қатар мәдени гомогенизацияның ықтималдылығы мен дәстүрлі әңгімелердің эрозиясы сияқты мәселелерді туындатады. Блогтардағы қарым-қатынас жеке іс-әрекет арқылы білдірілетін құндылық қатынастарын көрсетеді, бұл өмірдегі маңызды сәттерге қатысты пікірлер алмасу мысалында байқалады. Қазақстан интернет-дискурсында осы тұжырымдар мәдени құндылықтардың онлайн өзара әрекеттесу мен коммуникацияға қалай әсер ететінін көрсетеді [16], [17].

Қазақстандағы цифрлық революция мәдени әңгімелердің берілу жолдары мен тұтынылу тәсілдерін айтарлықтай өзгертуде. Интернет-түсіндірмелер, әсіресе жаңалықтар мақалаларындағы түсіндірмелер қоғамдық көңіл күйді көрсету мен мәдени бірегейлікті бағалау үшін динамикалық платформаны ұсынады. Аталған онлайн кеңістіктерде мифологемалар тек сақталып қалмайды, сонымен қатар қазіргі әлеуметтік және саяси шындықты бейнелеп, белсенді түрде жаңаша кейіпте қолданылады.

Қазақстандық интернет-дискурстағы мифологемалардың маңыздылығын бірнеше факторлармен түсіндіруге болады. Біріншіден, қазақстандық қоғамның қостілді және қос мәдениетті табиғаты интернет-түсіндірмелердің тілдік және мәдени сипаттамаларына әсер етеді. Қазақ және орыс мәдениеттеріне тән қостілді мифологемалар дискурсты байыта отырып, өзара әрекеттесетін бірегей динамиканы қалыптастырады [10], [15]. Екіншіден, мифологемалардың тарихи және мәдени ерекшеліктері қазақстандық интернет-пайдаланушылардың өз мәдени мұраларын цифрлық контексте қалай қабылдайтынын және түсінетінін көрсететін маңызды ақпарат көзі болып табылады.

Қазақстандық интернет-түсіндірмелердегі мифологемаларды зерделеудің көкейкестілігі бірнеше маңызды себептерге байланысты. Біріншіден, цифрлық дәуірде бұл зерттеу ұлттық бірегейлік пен мәдени құндылықтардың қалай қалыптасатыны туралы маңызды ақпарат береді. Екіншіден, ол қоғамдық дискурсты анықтайтын басты құндылықтар мен болжамдардың мәнін ашуға мүмкіндік тудырады. Үшіншіден, бұл зерттеу мәдени мифтерді өзгерту мен таратудағы цифрлық платформалардың рөлін айқындайды. Аталған зерттеу виртуалды кеңістіктегі қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру мен көрсетудегі мифологемалардың рөлін талдай отырып, цифрлық коммуникация мен мәдениеттану салаларына қосқан үлесін бағалауға, сонымен қатар цифрлық дәуірде ұлттық бірегейлікті қалыптастыру және сақтау мәселелерін түсінуге бағытталады.

Мифологемаларды цифрлық дискурста зерттеу заманауи мәдени және тарихи әңгімелердің қазіргі мәселелерді шешуге қалай қолданылатынын түсінуге жағдай жасайды. Қазақстандық интернет-түсіндірмелердегі мифологемалардың қолданылуын талдай отырып, бұл зерттеу осы элементтердің ұлттық бірегейлік пен қоғамдық пікірді қалыптастыруға қалай ықпал ететінін сипаттайды. Аталған тәсіл цифрлық коммуникацияны зерттеудегі заманауи тенденциялармен үйлесімді болып табылады және онлайн өзара әрекеттесуді қалыптастырудағы мәдени әңгімелердің рөлін көрсетеді.

Қазақстандық интернет-түсіндірмелердегі мифологемаларды зерттеу цифрлық дәуірде ұлттық бірегейлік пен мәдени өзін-өзі танудың дамып келе жатқан кеңістігін терең түсінуге мүмкіндік береді. Осы мифологиялық элементтерді зерделей отырып, бұл жұмыс дәстүрлі әңгімелердің қазіргі заманғы контекстерге бейімделуін және олардың Қазақстандағы мәдени бірегейлікті үйлестіруге қалай ықпал ететінін түсінуді жетілдіруге бағытталады.

Зерттеу барысында мынадай сұрақтар қарастырылады:

1. Қазақстандық интернет-дискурста қандай мифологемалар жиі кездеседі және олар ұлттық бірегейлік пен мәдени құндылықтар туралы қандай мәліметтер ұсынады?

2. Мифологемалар цифрлық дискурста лингвомәдени бірлік ретінде қандай қызметтерді атқарады және олардың интернет-түсіндірмелердегі қолданысын сипаттайтын тілдік ерекшеліктер қандай?

3. Қазақстандық онлайн-қарым-қатынаста мифологемалардың пайда болуы мен түсіндірілуіне қандай тарихи және әлеуметтік-саяси контекстер әсер етеді?

4. Цифрлық платформалар мифологемалардың сақталуы мен өзгеруіне қалай ықпал етеді және бұл өзгерістердің қазіргі қазақстандық мәдениетті түсінуге қандай салдары бар?

Аталған зерттеу лингвомәдениеттану және цифрлық коммуникация салаларына өзіндік үлес қосып, қазақстандық интернет-коммуникацияларда мифологемалардың қызметі жайлы жаңа түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Цифрлық дискурста дәстүр мен қазіргі заманның өзара байланысын зерттеу осы салада қазақстандық мәдени бірегейліктің дамып келе жатқан табиғаты туралы құнды тұжырымдар шығаруға жол ашады. Сонымен қатар алынған нәтижелер мифологемалардың басқа посткеңестік қоғамдар мен онымен шектеспейтін аймақтардағы мәдени әңгімелердің делдалдық рөлін түсінуге айтарлықтай ықпал етеді.

Қазақстандағы жаңғырту үдерісі қазақстандық қоғамның жаппай санасында айтарлықтай мәдени өзгерістерді тудырды. Бұл сана адамның мінез-құлқы мен қалауын қалыптастыратын құндылықтар, дәстүр мен көзқарастардың күрделі қатынастарын қамтиды [10]. Қарапайым қазақстандық интернет-пайдаланушысының әлемнің құндылық бейнесін қайта құра отырып, бұл зерттеу цифрлық мәтіндерде көрінетін негізгі идеяларды, көзқарастар мен құндылықтарды анықтауға және талдауға бағытталады. Бұл мақсатта қазақстандық интернет-түсіндірмешілердің сөйлеу ерекшеліктері және олардың дискурсының мифологиялық сипатын айқындау үшін лингвомәдени және лингвоаксиологиялық талдау әдістері пайдаланылады.

Мифологемалар, лингвомәдениеттану мен интернет-коммуникация зерттеулері көбінесе бірқатар теориялық негіздерге сүйенеді. К. Барт (1972) әзірлеген семиотика мифологемалардың мәдени мағыналар ретінде қалай жұмыс істейтінін түсінуге негіз болады. Аталған тәсіл мифологемалардың мәдени мағыналарды кодтау мен беру рөлін айқындай отырып, олардың коммуникативтік құрал ретінде қызметін түсінуге мүмкіндік тудырады.

Лингвомәдениеттанудағы лингвистикалық салыстырмалылық теория мен мәдени лингвистика тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесуін зерттеу үшін жиі қолданылатын әдіс-тәсілдер болып табылады.

Интернет-коммуникацияны зерттеуде желілік индивидуализм теориясы мен мәдениеттің қатысу тұжырымдамасы сияқты медиа және коммуникация теориялары негізге алынады. Аталған тәсілдер цифрлық платформалардың мәдени дискурста айтарлықтай әсер ететінін аңғартып, олардың мәдени көрініс пен келіссөздердің жаңа формаларын ілгерілету әлеуетін көрсетеді.

Зерттеу 1-кестеде кеңейтіліп ұсынылған. Онда мақала атауы, авторлары, зерттеу мақсаты мен күтілетін нәтиже көрсетілген. Бұл кесте мифологемалар туралы әдебиеттер барынша қамтылған. Байқағанымыздай, цифрлық коммуникациядағы, әсіресе интернет-түсіндірмелердегі мифологемалардың рөліне негізделген зерттеулердің саны салыстырмалы түрде өте аз. Цифрлық платформалардың мәдени дискурста ықпалы тұрғысынан келгенде, бұл алшақтық айқын байқалады.

1 - кесте

Мифологемалар бойынша зерттеу нәтижелерінің қысқаша көрсеткіші

Мақала атауы	Авторлары	Зерттеу мақсаты	Күтілетін нәтижесі
Қазіргі мәдениеттің коммуникативтік кеңістігіндегі мифтер	О. Стрельник	Қазіргі қоғамдағы мифтің рөлін талдау.	Қатысым мен мәдениетке мифтің ықпалы.
Тарихи жадыны аудару механизмі ретіндегі мифологемалар	Е. Казакова, Н. Мочалова, А. Олешкова	Тарихи түсінікті аудару мақсатында мифологемаларды зерттеу.	Аудармада мифологемаларды қолданудың тиімділігі.
Мәдени концептілер жүйесінде белгі ретіндегі мифологемалар	И.Б. Руберт	Мәдениет шеңберінде мифологемалардың табиғатын зерттеу.	Мифологеманы түсіну үшін теориялық негізбен қамтамасыз ету.
Ағылшын энтомонимдерінің мифологемиялық мотивациясы	О.В. Коновалова	Мифологема мен жәндіктердің ағылшынша атаулары арасындағы байланысты зерделеу.	Белгілі бір жәндіктер атауларының мифологиялық шығу тегін анықтау.
Аударма бірлігі ретіндегі мифологемалар: мифтің мәдени-тарихи контекстін берудегі қиындықтар	К. Холенковский	Өртүрлі мәдениеттегі мифологемаларды аударудың қиындықтарын талдау.	Аударма мәселелері мен ықтимал шешімдердің нақты мысалдарын талқылау.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мифологемалардың цифрлық дискурстағы, әсіресе интернет-түсіндірмелердегі рөлін зерттеуге арналған ғылыми еңбектер жоқтың қасы. Аталмыш жұмыс мифологемалардың цифрлық дәуірдегі өзектілігі мен дамуы туралы ақпарат бере отырып, қазақстандық интернет-түсіндірмелерде олардың қалай пайдаланылып, өзгеретінін көрсетеді. Бұл зерттеу осы бағыттағы белгілі бір олқылықтардың орнын толықтыраы анық. Семиотика, лингвомәдениеттану, сондай-ақ медиа және коммуникация теориялары тұжырымдарын біріктіру арқылы бұл еңбек қазіргі қазақстандық мәдениеттегі мифологемалар мен тілдің цифрлық платформалар арасындағы өзара әрекеттесуін кешенді түрде түсінуге мүмкіндік береді.

Материалдары мен әдістері

Зерттеуде 2022-2023 жылдар аралығында «Ak Zhaiyk» («Белый Свет») порталында «Саясат» тегімен жарияланған жаңалықтар мақалаларының интернет-түсіндірмелері пайдаланылды. Талданған жарияланымдар астындағы барлық түсіндірмелер қазақ ұлттық мифологемаларының бар-жоғын анықтау үшін тексерілді. Алғашқы іріктеу нәтижесінде қазақ тіліндегі мифологемаларға қатысты ең көп кездесетін 100 (жүз) түсіндірме таңдалып, зерттеу материалы ретінде жинақталды.

Зерттеу лингвомәдениеттанымдық талдауды қолдану арқылы интернет-түсіндірмелердегі мифологемаларды анықтап, оларды санаттарға бөлуге бағытталды. Бұл әдіс мәдени құндылықтар мен тарихи сілтемелерді көрсететін тілдік бірліктерді егжей-тегжейлі зерттеуді көздеді. Талдау барысында тіл мен мәдени бірегейлік арасындағы өзара байланысты сипаттайтын лингвомәдениеттанымдық принциптер басшылыққа алынды. Түсіндірмелердегі жиі кездесетін мифологиялық элементтер, оның ішінде тарихи тұлғалар, мәдени символдар мен саяси әңгімелер сараланды.

Мифологемалардың құндылық өлшемдерін зерделеу үшін лингвоаксиологиялық тәсіл қолданылды. Бұл әдіс мифологемалардың мәтіндегі бастапқы құндылықтар мен қатынастарды қалай жеткізетінін қарастырады. Талдаудың мақсаты — аталған мифологиялық элементтердің ұлттық бірегейлік, мәдени мақтаныш пен саяси көзқарастарды қалай білдіретінін айқындау [18]. Түсіндірмелердің аксиологиялық мазмұнын талдай отырып, зерттеу мифологемалардың қазақстандық интернет-пайдаланушылардың құндылықтарын қалыптастыру және көрсету тәсілдерін ашуға бағытталады.

Зерттеуде сипаттамалық статистика мифологемалардың әртүрлі түрлерінің таралуы мен бөлінуінің цифрлық бағасын алу үшін пайдаланылды. Бұл статистикалық тәсіл мифологиялық элементтердің деректер жиынтығында қаншалықты жиі кездесетінін нақты көрсетуді қамтамасыз етті. Мифологеманың әрбір түрінің жиілігі мен пайыздық көрсеткіштері мәдени және тарихи сілтемелерді қолданудағы тенденциялар мен заңдылықтарды анықтау үшін SPSS құралын қолдана отырып есептелді. Бұл әдіс негізгі тақырыптарды айқындау және олардың цифрлық дискурстағы маңыздылығын бағалауда шешуші рөл атқарды.

Тақырыптық талдау мифологемалардың мазмұны мен контекстін түсіндіру үшін қолданылды. Аталған сапалық әдіс ұлттық бірегейлік, тарихи сана және мәдени құндылықтармен байланысты заңдылықтарды анықтау мен талдауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында осы тақырыптарды санаттарға бөліп, түсіндіру арқылы мифологемалардың Қазақстанның әлеуметтік-саяси контекстіндегі қызметін тереңірек зерделеуге мүмкіндік тудырды.

Жинақталған түсіндірмелер алдымен мифологеманың анықталған түрлеріне (тарихи, мәдени және саяси) сәйкес топтастырылып, кодталды. Әрбір түсіндірме мифологиялық элементтердің қолданылуын және олардың қоғамдық пікірді қалыптастырудағы рөлін тексеруге бағытталды. Талдау деректерді жан-жақты түсіну үшін сапалық және сандық әдістерді үйлестіре отырып жүргізілді.

Зерттеу барысында этикалық қағидаттар сақталды. Пайдаланушылардың түсіндірмелері жеке құпиялылықты сақтау мақсатында анонимді түрде алынды және талдау тек жалпыға қолжетімді контентке негізделді. Зерттеу қатысушылардың құқықтары мен деректердің тұтастығын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылды.

Жұмыс мифологемалардың мәдени құндылықтар мен қоғамдық динамиканы білдірудегі рөліне ерекше назар аудара отырып, қазақстандық интернет-түсіндірмелердің таралуы мен маңыздылығын талдауға бағытталды. Виртуалды кеңістіктегі мәтіндер, әсіресе танымал мақалаларға білдірілген түсіндірмелер лингвистикалық талдаудың негізгі материалы ретінде қарастырылды.

Мифологемалардың қолданылуын және олардың цифрлық дискурстағы салдарын зерттеу үшін ең көп түсіндірме берілген мақалалар таңдалып алынды.

Нәтиже мен оның талқылануы

Зерттеуде қазақстандық интернет-түсіндірмелердегі мифологемалардың таралуы мен маңыздылығы талданады, олардың мәдени құндылықтар мен қоғамдық динамиканы білдірудегі рөліне ерекше назар аударылады. Виртуалды кеңістіктердегі мәтіндер, әсіресе танымал мақалаларға жазылған түсіндірмелер, лингвистикалық талдау үшін негізгі материал болып табылады. Бұл зерттеуде мифологемалардың қолданылуын және олардың цифрлық дискурстағы әсерін зерттеу үшін ең көп пікір жазылған мақалалар таңдалды. Зерттеу нәтижелері келесі сұрақтарға жауап береді: мысалы, қандай қазақ мифологемалары интернет-түсіндірмелерде басымдыққа ие, олар қандай ұлттық құндылықтарды бейнелейді және осы мифологемалар арқылы Қазақстанның ұлттық бірегейлігі интернет кеңістігінде қалай қалыптасады.

Қазақстанның цифрлық дискурсындағы мифологемаларды талдау олардың ұлттық құндылықтар мен мәдени бірегейлікті білдірудегі шешуші рөлін ашып көрсетеді. Бұл мифологемалар — тарихи, мәдени және саяси — өткен дәстүрлерді қазіргі заманғы мәселелермен байланыстырып, пайдаланушылар арасында ортақтық пен сабақтастық сезімін қалыптастыруға ықпал етеді. Тарихи мифологемалар онлайн-түсіндірмелердің 39,0 %-ын құрайды. Бұл Абай Құнанбайұлы секілді көрнекті тұлғаларды және Қазақ хандығының құрылуы сияқты маңызды оқиғаларды айқындап, ұлттық мақтаныш пен бірегейлікті нығайтады. Мәдени мифологемалар түсіндірмелердің 28,0 %-ын құрайды. Бұл дәстүрлі тәжірибе мен символдарды атап өтіп, қоғамдағы ортақ құндылықтарды дамытады. Саяси мифологемалар дискурстың 33,0 %-ын құрайды, тарихи және мәдени баяндауларды қазіргі саяси мәселелермен біріктіріп, басқару мен қоғамдық пікірге қатысты көзқарастарды ұсынады. Статистикалық деректер 2-кестеде жинақталған. Жалпы бұл нәтижелер мифологемалардың Қазақстанның ұлттық құндылықтары, мәдени бірегейлігі мен саяси көзқарастарын білдірудің басты құралдары ретінде маңыздылығын көрсетеді.

2 - кесте

Зерттелген түсіндірмелердегі мифологемалардың жиілігі мен түрлері

Мифологемалардың түрлері	Жиілік
Тарихи	39
Мәдени	28
Саяси	33
Барлығы	100

3-кесте Қазақстанның цифрлық дискурсындағы әртүрлі мифологемалардың түрлері мен ұлттық құндылықтар арасындағы байланысты олардың қолдану контексіне сәйкес көрсетеді.

Тарихи мифологемалар, ең алдымен, мақтанышпен (49,3 %) байланысты болды, бұл тарихи тұлғалар мен оқиғалардың ұлттық бірегейлікті нығайтудағы маңыздылығын байқатады. Олар сондай-ақ қоғамдастық (20,1 %) және егемендік (30,6 %) мәселелерін талқылауға ықпал етті.

Мәдени мифологемалар, негізінен, қоғамдастықты (64,6 %) білдіреді, жалпы дәстүр мен мәдени символдарды атап өтіп, аз мөлшерде мақтаныш (20,8 %) және егемендікпен (14,6 %) байланысады.

Саяси мифологемалар егемендікпен (54,8 %) тығыз байланысты, автономия туралы саяси баяндамаларды атап өтіп, мақтанышқа (29,9 %) және қоғамдастыққа (15,3 %) ықпал етті.

Қорытындылай келе, тарихи мифологемалар мақтаныш сезімін туғызса, мәдени мифологемалар қоғамдастықты нығайтады, ал саяси мифологемалар егемендікті көрсетеді.

3 - кесте

Мифологемалардың түрлері мен ұлттық құндылықтар арасындағы байланыс

Мифологема түрлері	Мақтаныш (%)	Қоғамдастық (%)	Егемендік (%)
Тарихи	49,3	20,1	30,6
Мәдени	20,8	64,6	14,6
Саяси	29,9	15,3	54,8

Біз қазақстандық интернет-түсіндірмелерде түрлі номинативтердің қолданылуын талдап, олардың мәдени құндылықтар мен әлеуметтік мәселелерді білдірудегі рөлін түсінуге тырыстық. Номинативтер жеті топқа бөлінді: антропонимдер, теонимдер, мифонимдер, геополитонимдер, мифопатонимдер, топонимдер және информонимдер. Бұл талдау осы номинативтердің Қазақстандағы онлайн-түсіндірмелерде мифологемаларға қатысты дискурсты қалыптастыруға қалай ықпал ететінін аңғартады. Бұл 4 және 5-кестелерде толық баяндалады.

4 - кесте

Қазақстандық интернет-түсіндірмелердегі номинатив түрлері

Номинатив түрлері	Номинатив мысалдары	Сипаттамасы
Антропонимдер	Абай Құнанбайұлы, Нұрсұлтан Назарбаев	Ұлттық мақтаныш немесе тарихи контекст тудыратын тарихи және мәдени қайраткерлер.
Теонимдер	Ұлық, Ер Төстік	Мәдени немесе тарихи параллельдерді жүргізу үшін қолданылатын мифологиялық кейіпкерлер.
Мифонимдер	Қазақтың тағдыр тасы, алматылық аң	Мәдени мұраны немесе мифологиялық тақырыптарды бейнелейтін ойдан шығарылған нысандар немесе сюжеттер.
Геополитонимдер	Қазақстан, Орталық Азия, Қырғызстан	Геосаяси контексте талқылау үшін қолданылатын аймақтық атаулар.
Мифопатонимдер	Қазақ қызбасы, дала ауруы	Әлеуметтік немесе эмоционалды жағдайларды сипаттайтын метафоралық терминдер.
Топонимдер	Алматы, Нұр-Сұлтан, Каспий теңізі	Белгілі бір жерлермен мифтер мен мәдени байланыстарды бекітетін географиялық атаулар.
Информонимдер	Tengri News, Kazakh Daily	Мифологиялық әңгімелердің таралуына ықпал ететін БАҚ атаулары.

Қазақстандық интернет-түсіндірмелердегі номинативтерді талдау пайдаланушылардың мәдени және тарихи сілтемелермен қалай өзара әрекеттесетінін көрсетеді (5-кесте). Абай Құнанбайұлы мен Нұрсұлтан Назарбаев сияқты антропонимдер ұлттық мақтаныш сезімін оятады және қазіргі мәселелерді Қазақстанның мұрасымен байланыстырып, жалпы мәдени бірегейлікті нығайтады. Ұлық, Ер Төстік және Қазақтың тағдыр тасы сияқты теонимдер мен мифонимдер мифологиялық элементтерді қазіргі қоғам мәселелерімен байланыстырып, тереңдік қосады. Бұл сілтемелер дәстүрлі мифтер арқылы қазіргі тәжірибені түсінуге көмектеседі. Қазақстан мен Орталық Азия сияқты геополитонимдер жергілікті талқылауларды кеңірек геосаяси контексте қарастырып, аймақтық динамиканың онлайн-байланыстарға қалай әсер ететінін көрсетеді. Қазақ қызбасы сияқты мифопатоним қоғамдық және эмоциялық күйзелістерді метафоралық түрде суреттейді, ал Алматы мен Нұр-Сұлтан сияқты топонимдер мәдени сілтемелерді нақты орындармен байланыстырады. Ал информонимдер бұқаралық ақпарат құралдарының мифологиялық баяндамаларды таратудағы рөлін айқындай отырып, цифрлық платформалардың мәдени дискурстарды қалай қалыптастыратынын көрсетеді. Жалпы, бұл номинативтер қазақстандық онлайн-дискуссияларда мәдени экспрессия мен ұлттық бірегейлікті күшейтеді.

5 - кесте

Түсіндірмелердегі номинативтерді бөлу және белгілеу

Номинатив түрлері	Пайдалану жиілігі	Пайдалану мақсаты
Антропонимдер	45	Тарихи маңыздылық пен ұлттық мақтаныш сезімін ояту.
Теонимдер	25	Мәдени немесе мифологиялық параллельдер жасау.
Мифонимдер	30	Мифтік немесе аңызға айналған тақырыптарды суреттеу.
Геополитонимдер	20	Геосаяси шеңбердегі талқылауларды контекстілеу.
Мифопатонимдер	15	Әлеуметтік немесе эмоционалды жағдайларды метафоралық түрде сипаттау.
Топонимдер	35	Мифтер мен әңгімелерді белгілі бір жерлермен байланыстыру.
Информонимдер	10	Мифологиялық әңгімелерді таратудағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін атап өту.

6-кестеде қазақстандық интернет-түсіндірмелерде түрлі номинативтердің қалай қолданылатынын көрсететін нақты мысалдар келтірілген. Бұл арқылы біз номинативтік категориялардың қалай ерекшеленетінін және цифрлық дискурста мәдени әрі терең тақырыптардың қалай көрініс табатынын түсінуге көмектесеміз. Кестеде номинативтер жеті түрге бөлінеді және онлайн-түсіндірмелерден алынған нақты мысалдарды көрсетеді. Олар номинативтердің белгілі бір контекстерде қалай қолданылатынын байқатады.

6 - кесте

Қазақстандық интернет-түсіндірмелердегі номинатив мысалдары

Номинатив түрлері	Номинатив мысалдары	Сипаттамасы
Антропонимдер	Абай Құнанбайұлы, Нұрсұлтан Назарбаев	«Абай Құнанбаевтың даналығы бізді бүгінгі күнге жетелейді», «Нұрсұлтан Назарбаевтың көшбасшылығы біздің саясатымызда әлі де сезілуде».
Теонимдер	Ұлық, Ер Төстік	«Ұлық батыр секілді біз де өз құндылықтарымыз үшін күресуіміз керек», «Ер Төстіктің батылдығы біздің қазіргі көшбасшыларымызды шабыттандырады».
Мифонимдер	Қазақтың тағдыр тасы, алматылық аң	«Қазақ тағдырының тасы ұлттымыздың болашағын сақтайды». «Алматылық аң — кездесетін проблемалардың символы».
Геополитонимдер	Қазақстан, Орталық Азия, Қырғызстан	«Қазақстанның Орталық Азиядағы рөлі өте маңызды». «Біз өңірлік стратегияларымызда Қырғызстанның ұстанымын ескеру қажетпіз».
Мифопатонимдер	Қазақ қызбасы, дала ауруы	«Қазақ қызбасы біздің болашақ туралы ұжымдық дабыл-ымызды көрсетеді». «Дала ауруы ауылдық қауымдастықтардың алдында тұрған қиындықтарды көрсетеді».
Топонимдер	Алматы, Нұр-Сұлтан, Каспий теңізі	«Алматыға мәдени мақтаныштың жанданғанын көріп отырмыз». «Нұр-Сұлтанды жаңғырту жөніндегі күш-жігер біздің ілгерілеуіміздің дәлелі болып табылады», «Каспий теңізінің маңы пайдаланылмаған ресурстарға бай».
Информонимдер	Tengri News, Kazakh Daily	«Tengri News дәстүрлі құндылықтарға қатысты өзекті мәселелерді қамтиды». «Kazakh Daily біздің ұлттық мифтерімізді талқылау үшін алаң ұсынады».

Зерттеу қазақстандық интернет-түсіндірмелерде тарихи мифологемалардың басым екенін көрсетеді, олар контенттің 39,0 %-ын құрайды. Бұл мифологемалар Абай Құнанбайұлы сияқты көрнекті тұлғаға және Қазақ хандығының құрылуы сияқты оқиғаға сілтеме жасайды. Олардың таралуы ұлттық мақтаныш пен бірегейлікті нығайтудағы рөлін атап көрсетеді. Бұл Ж. Жарылғапова және т.б. жүргізген зерттеу нәтижелерімен сәйкес келеді. Зерттеушілер цифрлық кеңістіктерде тарихи сілтемелер көбінесе мәдени сабақтастық пен ұлттық мақтаныштың нығаюына ықпал ететінін анықтайды [19]. Тарихи мифологемалар қазіргі мәселелерді тарихи баяндамалармен байланыстыра отырып, ортақ мұра сезімін тудырады. Бұл интернет пайдаланушыларының ұлттық бірегейлік туралы пікірлерін көрсетеді. Цифрлық дискурс пен мәдени экспрессияны зерттейтін қазіргі зерттеулер мифологиялық және тарихи баяндамалардың ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы маңыздылығын атап өтеді [16].

Бұл зерттеудің эмпирикалық нәтижелерін интернет-түсіндірмелер мысалдары мен олардың интерпретациясы арқылы көрсетуге болады. Интернет пайдаланушысының *«Бұл пікірлерде Абай Құнанбайұлына сілтеме жасау шын мәнінде мәдени мұрамызды қаншалықты бағалайтынымызды көрсетеді. Тарихи тұлғалардың ұлттық болмысымызға қалай әсер етіп жатқаны таң қалдырады»* сынды түсіндірмесі Абай Құнанбайұлының ықпалын айқындайды. Бұл түсіндірме тарихи мифологемалардың ұлттық мақтаныш пен бірегейлікті нығайтудағы кең таралған қолданысын көрсетеді. Тарихи тұлғаға қайта оралу арқылы пайдаланушылар қазіргі мәселелерді ортақ мәдени құндылықтармен байланыстырып, өз мұрасын цифрлық дәуірде сақтап, ұлықтайды.

Келесі бір пайдаланушы *«Заманауи саясат туралы пікірталастарда Қазақ хандығын шақырып жатқанын көру өткеніміздің бүгінгі күнімізді қалай қалыптастыратынын еске салады. Бұл*

